



Бекітемін:

М. А. Мусаева

«АлтынLand» ЖШС «АлтынLand» бөбекжайы

менгерушісі А.А.Мусаева

2026–2027 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫСТЫҢ ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРЫ

Мақсаты:

Отбасы мен балабақша арасындағы тығыз ынтымақтастықты нығайта отырып, баланың қауіпсіздігін, эмоционалдық әл-ауқатын және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты дамуын қамтамасыз ету. Ата-аналардың педагогикалық сауаттылығын арттыру және оқу жылы бойы тәрбие мен білім беру жұмыстарының нәтижелілігін біріге сараптау.

№	Іс-шаралар	Өткізу түрі	Мерзімі	Жауаптылар
1	«Бала тәрбиесі – ортақ міндет» – 2026–2027 оқу жылындағы тәрбиелеу-білім беру жұмысының негізгі бағыттарымен таныстыру; ерте даму, ұлттық құндылықтар, мектеп пен балабақша сабақтастығы, «Заң мен тәртіп», қауіпсіздік бағыттары бойынша ата-аналармен бірлескен жұмысты белгілеу; баланың балабақшаға бейімделуі мен күн тәртібін сақтау мәселелерін талқылау	Жалпы ата-аналар жиналысы	Қыркүйек	Менгеруші, әдіскер, педагогтер
1.2	АПҚО жұмысын ұйымдастыру: 2026–2027 оқу жылына арналған Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының (АПҚО) жұмыс жоспарын бекіту және «Даналық мектебі» (әжелер, аталар мектебі) жобасын іске қосу.	Ашық диалог, сауалнама алу	Қыркүйек	Әдіскер, психолог
1.3	Бейімделу және мектепке сабақтастық: Баланың балабақшаға стрессіз бейімделуі, күн тәртібін сақтау және «Мектепке дейінгі ұйым – мектеп» сабақтастық жоспарын талқылау.	Памяткалар тарату, дөңгелек стол	Қазан	мектепалды топ тәрбиешілері
2	«Балаға қолдау – отбасы мен балабақша бірлігінен» – баланың эмоционалдық әл-ауқатын қолдау, қауіпсіз орта қалыптастыру, гаджеттерді тиімді пайдалану, қаржылық және экологиялық мәдениетті қалыптастыруда ата-ананың рөлін талқылау; бала мінез-құлқындағы өзгерістерге дұрыс қолдау көрсету жолдарын ұсыну	Жалпы ата-аналар жиналысы, тренинг элементтері, практикалық кеңес	Қаңтар	Менгеруші, әдіскер, педагогтер
2.2	Бала қауіпсіздігі және зорлық-зомбылықтың алдын алу: Баланы зорлық-зомбылықтан, буллингтен қорғау («Қауіпсіз балабақша – қауіпсіз қоғам»).	Семинар-практикум, видеороликтер көрсетілімі	Ақпан	Менгеруші, әдіскер, алғашқы көмек маманы

	Жолда жүру, өрт және үйдегі қауіпсіздік ережелері бойынша ата-аналарға нұсқаулық.			
2.3	Отбасылық құндылықтар және экологиялық-қаржылық мәдениет: Балаға кішкентайынан ұлттық дәстүрлерді, еңбекқорлықты, экологиялық (табиғатты қорғау) және қаржылық сауаттылық элементтерін үйретудегі ата-ананың рөлі.	Кеңес беру, шеберлік сыныбы (Master-class)	Наурыз	Әдіскер, тәрбиешілер
3	«Бір жылдық нәтиже – баланың жетістігі» – оқу жылындағы тәрбиелеу-білім беру жұмысының нәтижелерін қорытындылау; балалардың даму жетістіктерін талдау; ата-аналармен кері байланыс орнату; жазғы кезеңдегі қауіпсіздік, денсаулық және баланың дамуын жалғастыру бойынша ұсыныстар беру; мектепалды топ тәрбиеленушілерінің мектепке дайындығы мен сабақтастығын талқылау	Қорытынды жалпы ата-аналар жиналысы, кері байланыс, пікір алмасу	Мамыр	Меңгеруші, әдіскер, педагогтер
3.2	Мектепке дайындық пен жазғы қауіпсіздік: Мектепалды топ балаларының мектепке физиологиялық және психологиялық дайындығын сараптау. Жазғы сауықтыру кезеңіндегі қауіпсіздік (суда, көшеде, күн өтуден қорғану) және жазғы демалысты тиімді ұйымдастыру бойынша АПҚО ұсыныстары.	Кері байланыс, пікір алмасу, ұсыныстар беру	Мамыр	Психолог, меңгеруші, педагогтер

А.К.Сельбаева